

N 14 5.12.2016

**АСТАНА Қ. Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ МЕН
АЛМАТЫ Қ. ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТЫ
ӨЗАРА КЕЛІСІМ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМЫ**

Астана қ.

«5» 12 2016 ж.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректоры Сыдықов Ерлан Бағташұлы бір тараптан және екінші тараптан Әлеуметтік экономика және қаржы институты атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Баймұратов Ораз Баймұратұлы, ары қарай «Тараптар», ал жеке түрде «Тарап» деп аталатын, жоғарғы білім, ғылым мен мәдениет аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін осы Өзара келісім туралы меморандумды жасасты (ары қарай - «Меморандум») және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Жалпы ережелер

Екі Тараптар арасында білім мен ғылыми зерттеу аясында ынтымақтастықты дамыту және нығайту осы Меморандумның мақсаты болып табылады.

2. Тараптардың ынтымақтастық аясы

Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

- білім алу, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді ғылыми-зерттеулік тағылымдамадан өту, оқу-өндірістік және ғылыми тәжірибеден өту үшін магистранттар, PhD докторлар, оқытушылар және зерттеушілермен академиялық алмасу; кәсіби (оқу-өндірістік, зерттеу, дипломалды, педагогикалық) тәжірибелер;
- тарап өкілдерін ғылыми-зерттеу және методологиялық жұмыс бойынша ақпарат пен тәжірибе алмасу үшін шақыру;
- профессорлар құрамын жетекшілікке ала отырып, магистрлік және докторлық диссертация жазуда кеңес алу және біріккен ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізу;
- біріккен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, тараптарға арналған күндер және білім беру облысында өзге де бастамашылықтарды жүргізу;
- біріккен жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша оқу-әдістемелік материалдарды, зерттеулерді жариялау;
- басылымдармен, ғылыми зерттеулермен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, периодикалық басылымдармен өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу.

3. Жұмыс орындау және қызмет көрсету қатысушылары

Жұмыстар мен қызметтер Меморандум шеңберінде орындалады:

- Тараптардың факультетімен;
- Тараптардың ғылыми қызметкерлерімен;
- Тараптардың магистранттарымен, докторанттарымен.

Уақытша шығармашылық топтарының жалақысының нысаны мен жүйесі тараптардың келісімі бойынша анықталады.

4. Бірлескен жобаларды іске асыру

Магистранттар, докторанттар, зерттеушілер бірлескен ғылыми-зерттеулерді қосымша келісімдер бойынша өтеді.

5. Қаржыландыру

Бірлескен жобаларды қаржыландыру мерзімі мен шарттары бабының 4-тармағына сәйкес әрбір жобаның басталғанға дейін екі тарап айқындалатын болады.

6. Қорытынды ереже

Осы Меморандумға толықтырулар мен өзгертулердің енгізілуі Тараптардың өзара келісімімен оның ажырамас бөлігі бола алатын және тиісті тәртіпте рәсімделген, Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қол қойған қосымша келісім арқылы жүзеге асырылады.

Меморандум шеңберінде туғындайтын даулар Тараптар арасында талқылау және келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімінде іске асады. Егер оның тоқтатылуына алты ай қалған мерзімінен кешіктірмей Тараптар күшінің тоқтатылуын талап етпесе, осы Меморандум әрі қарай бес жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

Осы Меморандум екі нұсқада: қазақ және орыс тілдерінде жасалады, сонымен қатар мәтіндер бірдей заңды күшке ие болады.

Тараптардың қолдары:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық Университеті

010008, Қазақстан, Астана қ.

Сатпаев көшесі 2,
Еуразия Ұлттық Университетінің оқу-
әкімшілік ғимараты

Тел.: +7 (7172) 709 500

Ректор

(Сыдықов Ерлан Батташұлы)



Әлеуметтік экономика және қаржы
институты

050035, Қазақстан, Алматы қ.

Жандосов көшесі 55,
232 кеңсе

Тел.: +7 (727) 377 13 57

Директор

(Ваймуратов Орыз Баймұратұлы)

